**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 маусымдағы N 534 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қазандағы N 1038 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылы Құзыретті орган инвестициялық бағдарламалардың ашық конкурсына шығаруы тиіс Қазақстан Республикасының көмірсутегі шикізаты, қатты пайдалы қазбалар және емдік балшықтар бойынша жер қойнауы учаскелерінің (блоктарының) тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 маусымдағы N 534 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) атауындағы "қатты пайдалы қазбалар" деген сөздерден кейін ", жерасты сулары" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1-тармақтағы "қатты пайдалы қазбалар;" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"жерасты сулары;";

3) қоса беріліп отырған 2003 жылы Құзыретті орган инвестициялық бағдарламалардың ашық конкурсына шығаруы тиіс Қазақстан Республикасының жерасты сулары бойынша жер қойнауы учаскелерінің (блоктарының) тізбесімен толықтырылсын;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген 2003 жылы Құзыретті орган инвестициялық бағдарламалардың ашық конкурсына шығаруы тиіс Қазақстан Республикасының көмірсутегі шикізаты бойынша жер қойнауы учаскелерінің (блоктарының) тізбесінде:

реттік нөмірі 25-жолдың 5-бағаны мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Блоктардың алаңынан бұрыштық нүктелерінің координаттары мынадай: 1) 46 $^{o}$ 00 $^{/}$ 00 $^{//}$ с.е. 66 $^{0}$ 07 $^{/}$ 10 $^{//}$ ш.б.; 2) 45 $^{0}$ 59 $^{/}$ 00 $^{//}$ с.е. 66 $^{0}$ 36 $^{/}$ 06 $^{//}$ ш.б.; 3) 45 $^{0}$ 41 $^{/}$ 12 $^{//}$ с.е. 66 $^{0}$ 15 $^{/}$ 30 $^{//}$ ш.б.; 4) 45 $^{0}$ 47 $^{/}$ 00 $^{//}$ с.е. 66 $^{0}$ 12 $^{/}$ 55 $^{//}$ ш.б.; 5) 45 $^{0}$ 53 $^{/}$ 10 $^{//}$ с.е. 66 $^{0}$ 10 $^{/}$ 00 $^{//}$ ш.б.; аумағы 642,9 шаршы км және зерттеу тереңдігі палеозой фундаментіне дейінгі Еспе алаңы алынып тасталады.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 8 қазандағы
N 1038 қаулысымен
бекітілген

**2003 жылы Құзыретті орган инвестициялық бағдарламалардың ашық конкурсына шығаруы тиіс Қазақстан Республикасының жерасты сулары бойынша жер қойнауы учаскелерінің (блоктарының) тізбесі**

| Р/с N | Пайдалы қазбаның түрі | Кен орны (алаңы, блоктар) | Орналасқан жері: Облысы | Орналасқан жері: Координаттары | Жер қойнауын пайдалану операциясының түрі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Жерасты сулары | Ыстық-Түрген кен орнындағы N 630 | Алматы | Орталық координаттары: 43° 29′ с.е. 77° 24′ ш.б. | өндіру ұңғыма учаскесі |
| 2 | Жерасты сулары | Талғар кен орнындағы N 3 | Алматы | Орталық координаттары: 43° 24′ с.е. 77° 06′ ш.б. | өндіру ұңғыма учаскесі |
| 3 | Жерасты сулары | Алакөл кен орнындағы N 1 | Алматы | Орталық координаттары: 46° 10′ с.е. 81° 05′ ш.б. | өндіру ұңғыма учаскесі |
| 4 | Жерасты сулары | "Майбалық" бромды | Ақмола | Орталық координаттары: | өндіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | минералды сулардың кен орны | | $53^{0}\ 06^{/}$ с.е. $70^{0}\ 10^{/}$ ш.б. | |
| 5 | Жерасты сулары | "Кеңесту-1" минералды жерасты суларының кен орны | Ақтөбе | Орталық координаттары: $50^{0}\ 21^{/}$ с.е. $57^{0}\ 22^{/}$ ш.б. | барлау және өндіру |
| 6 | Жерасты сулары | "Кеңесту-2" минералды жерасты суларының кен орны | Ақтөбе | Орталық координаттары: $50^{0}\ 21^{/}$ с.е. $57^{0}\ 22^{/}$ ш.б. | барлау және өндіру |
| 7 | Жерасты сулары | Шалқар қаласының ауданындағы N 1 және N 2 ұңғымалардың учаскелері | Ақтөбе | Орталық координаттары: $47^{0}\ 49^{/}\ 53^{//}$ с.е. $59^{0}\ 32^{/}\ 43^{//}$ ш.б. | барлау және өндіру |
| 8 | Жерасты сулары | Оңтүстік Ембі артезиан бассейніндегі Бәлі учаскесі | Атырау | Орталық координаттары: $46^{0}\ 40^{/}$ с.е. $54^{0}\ 50^{/}$ ш.б. | барлау және өндіру |
| 9 | Жерасты сулары | Оңтүстік Ембі артезиан бассейніндегі Тұғарақжан учаскесі | Атырау | Орталық координаттары: $46^{0}\ 30^{/}$ с.е. $54^{0}\ 45^{/}$ ш.б. | барлау және өндіру |
| 10 | Жерасты сулары | Талды Арасан минералды суларының кен орны | Шығыс Қазақстан | Орталық координаттары: $47^{0}\ 33^{/}$ с.е. $84^{0}\ 26^{/}$ ш.б. | өндіру |
| 11 | Жерасты сулары | Қарқаралы ауданындағы "Бұғылы" | Қарағанды | Орталық координаттары: $49^{0}\ 30^{/}\ 24$ с.е. | барлау және өндіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұңғымасының | | $75^{0}\ 27^{/}\ 01$ ш.б. учаскесі | |
| 12 | Жерасты сулары | Құйын кен орны | Қарағанды | Орталық координаттары: $47^{0}\ 38^{/}$ с.е. $70^{0}\ 47^{/}$ ш.б. | өндіру |
| 13 | Жерасты сулары | "Алға" жауапкер. шілігі шектеулі серіктес. тігінің аумағындағы ұңғыма учаскесі | Павлодар | Орталық координаттары: $52^{0}\ 18^{/}\ 21^{//}$ с.е. $76^{0}\ 55^{/}\ 57^{//}$ ш.б. $52^{0}\ 18^{/}\ 23^{//}$ с.е. $76^{0}\ 55^{/}\ 57^{//}$ ш.б. $52^{0}\ 18^{/}\ 23^{//}$ с.е. $76^{0}\ 56^{/}\ 01^{//}$ ш.б. $52^{0}\ 18^{/}\ 21^{//}$ с.е. $76^{0}\ 56^{/}\ 01^{//}$ ш.б. | барлау және өндіру |
| 14 | Жерасты сулары | Жалаңашдала артезиан бассейнінің N 8-Р | Оңтүстік Қазақстан | Орталық координаттары: $40^{0}\ 56^{/}$ с.е. $68^{0}\ 25^{/}$ ш.б. ұңғыма учаскесі | барлау және өндіру |
| 15 | Жерасты сулары | Арыс артезиан бассейнінің N 11-А | Оңтүстік Қазақстан | Орталық координаттары: $42^{0}\ 43^{/}$ с.е. $68^{0}\ 59^{/}$ ш.б. ұңғыма учаскесі | барлау және өндіру |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК